

Роза ЖАЗДЫҚБАЕВА

Б.КЕНЖЕБАЕВ – ТҮРКІШІЛДІК ИДЕЯСЫН ЖАҢҒЫРТУШЫ

В статье рассматриваются ценные работы ученого-тюрколога Бейсембая Кенжебаева которые доказывают, что казахская литература советского периода берет начало из древних времен.

Bu makalede Türkolog B.Kenжебayev'un Soviyet dönemindeki Kazak edebiyatının başlangıç tarihi eski devirlere ait olduğunu ispatlayan değerli eserler ifade edilmektedir.

Бүгінгі таңда түркішілдік идеясын қолдаушылар мол. Жер шарының біршама бөлігін мекен еткен түркі халықтарының бір-бірімен араласуына да, бауырластықтарын түсінуіне де Кеңестік кеңістік шеңбері ыдыраған кезден кейінгі еркіндік себеп болуда. Бұл түп-тамырымызды жете зерттеу үшін де, тарих үшін де, өзімізді тани түсу үшін таптырмайтын мүмкіндік болды. Сондықтан да, түркілер турасында мақала жазу тұрмақ қарыс-қарыс көлемді еңбектер туындап, тарих сахнасына көптеген түркітанушылар шықты. Археологиялық, тарихи тараптар да жете зерттелуде.

Өткен ғасырдың орта шенінде «түркілер» деп сөз бастаудың өзі қорқынышты болатын десе бүгінгі күні ешкім сенбейтіндей. Мұндай ойлы адамды сол кездегі қаһарлы билік тұрмақ, қарашайым адамның өзі жау тұтатын еді. Қазақ тарихында уақыттың осындай қатал сынына қарсы тұра білген бір-ақ адам бар. Біз «бір-ақ адам» деп сөз саптауымызға ешкімнің қарсы шықпасына да сенімдіміз, осы кезде жарық көрген барша материалдар дүйім қазақ жұртының ішінен түркішілдік идеясын жаңғыртушы ретінде Б.Кенжебаевты ғана көрсетеді.

Бейсембай Кенжебаев шығармашылығын сөз еткенімізде түркі халықтарына ортақ байланыстар мен әдебиетіміздің содан тартар тамыры туралы үлкен ерлік деуге саятын зерттеулерінен бастағанымыз орынды. Ғалым бұл жолда көптеген кедергілерге де ұшырады, әйткенмен де, тыңғылықты зерттеудің, дәлелдеудің нәтижесінде қазақ әдебиетінің тарихын бірнеше ғасырға ұзартып, түркі халықтарына ортақ байланыстарымыз турасындағы өз мақсатына жетті де.

Жалпы, Б.Кенжебаевтың 1950-1960 жылдардағы еңбектерін екі тараптан қарастыруға болады. Олардың біріншісі – түркі халықтарына ортақ әдебиет турасында болса, екіншісі – Сұлтанмахмұт туралы зерттеулері мен «зар заман» өкілдері турасындағы туындылары. Түркілік тегімізге қатысты айтқанда ғалымның Ақмолла ақын шығармашылығын зерттеуі түркішілдік мақсаттарының алғашқы белестері еді. Ақмолла ақын туралы зерттеуі – түркі халықтар әдебиетін зерттеуге қосылған үлкен үлес дейміз. Ғалым осы арқылы жәдидизмнің белсенді өкілі Ш. Маржанидың да есімін танытты.

Ғалымға мерзімді баспасөз беттерінде сын садағының төпелеген кезі осы

уақыт. Өйткені, осы уақытта Маржани аты татар-башқұрт руханиятындағы пәлсапашы, тарихшы, қаламгер ретінде жоғары бағаланса, сол кездегі билік аясында атын атаудың өзі ғалымдар үшін қорқынышты еді. Ғалым бұл турасында: «Ақмолла татарлар арасында алғаш шыққан ұсулу жәдит ағымын, оның көрнекті өкілі Шаһабутдин Маржаниді дәріптейді, өзін жәдитшіл, Маржанидың шәкірті деп жариялайды, Маржаниға арнап өлең жазады, қарастырады» [1.43].

Ғалымның түркі халықтар әдебиетін бір жүйемен қарастыруында Ақмолла ақынның шығармашылығын зерттеуі көп мүмкіндіктерге жеткізген еңбек болды.

Шындығына үңілсек, түркілік идеясы - мақсатын зерттеуде сол кездегі қамшысының ұшынан қан тамшылап тұрған билік емес, ғалымға ең бірінші қарсы шыққандар қазақ әдебиеттанушылары еді. Ұлт әдебиетінің бастауында жалшы түркі жұртына ортақ әдеби дүниелер тұр деп тұжыруы – көптеген ғалымдарымыз тарапынан теріс бағаға ие болды. Біз бұл тұстағы зиялыларымызды кінәламаймыз, өйткені Кеңестік кеңістікте түркілік тек турасында сөз ету тұрмақ, ұлт турасында әңгімелеудің өзі аса қауіпті болып еді.

Қазақ руханиятында Б.Кенжебаевқа дейін түрік халықтарына ортақ тамырластықты зерттеу аз болды. Бұл тұста зерттеулерді сөз еткенде И. Гаспыралының түрік халықтарына ортақ әліп-би жасауы, Маржани жырларының жалшыхалықтық мәнге ие болуы мен Б. Кенжебаевтың «Орхон жазуы туралы» деп аталатын мақаласын ғана көрсете аламыз.

Сталиннің қанды зұлматында көз жұмған алаш азаматтарымен бірге түркілік тек турасында сөз қозғау де келмеске кетіп еді. Ал, бұл кездегі әдебиетте түркішілдік мақсат сарыны тек М. Жұмабаев жырларында ғана көрініс тапты. Одан кейінгі уақытта мұндай қауіпті тақырыпты сөз етіп, «пантүркіс» деген жала жабылып, басын қатерге тігуді ешкім қаламады. Сондықтан да қазақ әдебиетінен бұл кезеңде тек Б. Кенжебаев еңбектерін ғана кездестіре аламыз.

Біз бұл тұста ғалымды түркі халықтар әдебиетін жете зерттеуші, толық жүйелеуші деп айта алмаймыз. Ғалым атын осынау ортақ идеяны сақтап қалғаны үшін құрметтеуіміз қажет. Бүгінгі осы салада жазылған еңбектер Б.Кенжебаев шәкірттеріне тиесілі болғандығын, ұстаз идеясын шәкірттерінің жалғастырғандығын көрсетеді. Өйткені, дүйім түркі халықтарының әдебиетін бір адамның зерттеп, зерделеуі ақылға сыймайтын тірлік. Сондықтан да біз Б. Кенжебаевты күрделі идеяның бастауында тұрған күрделі болмыс иесі ретінде танимыз, осы ойдың жалғасуы – тек қазақ әдебиеті үшін ғана емес, жер шарының ауқымды бөлшегін иеленген халық үшін бұл үлкен жеңіс еді.

Ғалымның жанкешті еңбегі турасында Д.Сартбаева өзінің «Бейсенбай Кенжебаев – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші» деген еңбегінде: «Қазақ әдебиетінің түрік халықтарына ортақ ежелгі кезеңін қазақ әдебиеттану

ғылымында тұңғыш мәселе етіп көтерген, оны айтыс-тартыста негіздеген көрнекті ғалым», - деп жазды.

Қазақ әдебиетінің тарихын бір ізге түсіру осы күнге дейін жалғасын тауып келеді. Мұны әр ғалым өзінше тошпылады. Бұлардың бастауында академик Қ.Жұмалиевтің жүйелеуі тұр. Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті» дейтін еңбегінде қазақ эпостары мен тарихы турасында пікірлерін жинақтай келе «...тарихта бірінші рет аты мәлім, шығармалары да бірінші рет өзінің атымен сақталған ақын - Бұқар жырау. Біз қазақ жазба әдебиетінің, әдебиет тарихының басы Бұқар жырау дейміз» деп жазып еді.

Б.Кенжебаевтың ауыз әдебиетіміздің бастауын түркілерге ортақ әдеби ескерткіштерден бастап қарастыруы осы пікірден соң туындағандай. Қ.Жұмалиевтың пікіріне қарсы дүние - «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады?» деген тақырыпшен жазылған Б.Кенжебаевтың мақаласы болды. Полемикалық дүниеде ғалым өз қарсылығын түрлі дәлелдермен көрсетіп:

«... қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын, профессор Қ.Жұмалиев айтқандай, XVIII ғасырдың екінші жартысынан, Бұқар жыраудан емес, онан көп әріден, шамамен айтқанда, VIII-IX ғасырлардан бері қазақ жерінде, сонымен шектес жерлерде, кейбірін қазақ халқы құрамына енген рулар өкілдері, кейбірін қазақ жерін жайлаған басқа рулар мен халықтар өкілдері жасаған, қай-қайсысы болсын, бүгінгі қазаққа не түсінікті, не түсініксіз, бірақ бір кезде жашай түсінікті болған, қазақ рулары қолданған тілдерде жасалған жазу-сызуларды, жазба әдебиет нұсқаларын қазақтікі деп айтуымызға, қазақ жазба әдебиетінің тарихына енгізуімізге әбден болады» [2], - деп тұжырымдады.

Бұқар жырауды жұртымыз жазба әдебиет емес, ауыз әдебиетінің өкілі ретінде қарастыратындықтан бұл ақиқатқа негізделген пікір еді.

Бұған қарсы жазылған сыни мақаланың авторы академик Қ.Жұмалиев болды. «Қате пікір қағидаға айналмасын» [3] деген мақаласында Б.Кенжебаев пікірлерін мүлдем негізсіз деп танып, мақаласын

- Б.Кенжебаев пікірі дәйексіз;
- Б.Кенжебаев пікірі не ел тарихына, не әдебиет тарихына үйлеспейді;
- Жазу тарихы мен әдебиет тарихын шатастырады;
- Б.Кенжебаев ұсынып отырған шығармалардың тілі түсініксіз;
- Әдебиет тарихына ену үшін үзілмес желі болуы керек. Б.Кенжебаев айтқан жазу-сызулар Абайға дейінгі әдебиетті желілеп әкеле алмайды;
- Халық құралмай, оның әдебиеті болмақ емес;
- Б.Кенжебаев ұсынып отырған “поэзия” үлгілері исламшылдықты уағыздайды;

- Мектепте, жоғары оқу орындарында оқытуға келмейді», - дейтін пікірлермен тұздықтайды. Сонымен қатар, Б. Кенжебаев еңбегін мүлдем басқа арнамен түсіндіретін тұстары да мол. Аталмыш мақаласының бір тұсында: «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен

басталады?» деген мақаласы не ел тарихына, не әдебиет тарихына, не ғылыми топшылауларға маңайласпайтын сәуегейлік долбар» десе, енді бір тұста «VIII ғасырдағы тасқа жазылған әлдекімнің өмірбаяны мен хан-сұлтандардың араларында болған жарлық, жазу-сызулардың жиынтығы әдебиеттің тарихын жасай алмайды» дейтін жолдарды да кездестіреміз. Сол замандағы биліктің әсері-дағы, сол әсер талай зиялыларымыздың көзін байлап, өз тегіне өзі қарсы сөйлеуге мәжбүрледі. Қ. Жұмалиев мақаласынан да осы мінезді байқаймыз: «Хисса сұл әнбие» - Адам атадан бастап, «Мұхаммед-мұстафа саллолаһи алиуссәләмға» дейінгі пайғамбарлардың тарихын баяндайды. Бұл кітап әуелі Стамбулда, кейін Қазанда шығарылады, ислам дінін халыққа кең тарату мақсатымен әдейі жазылған діншілдердің бірден-бір мықты құралы. Қожа Ахмет Ясауи - XI-XII ғасырдағы Орта Азияға аты мәлім- аскет, аты шулы панисламист, жарық дүниеден безіп, жер астын мекен етіп, құдайды, пайғамбарды, дінді дәріштеген поэзияның авторы. Ол - барлық шығармасында өмірді емес, өлімді, бұл дүние емес, о дүниені жыр еткен мистик. Шығыстағы мистицизмнің оймасы мен қоймасы» - деп қатқыл сөйлеуін бүгінгі күні авторды кінәлі санап емес, биліктің жойқын кесапатының салдары деп түсінуіміз қажетті. Бұдан кейін осы басылым бетінде қос мақалаға жауап берушілер де болған. Полемикаға араласқан авторлардың бірі Қ.Жұмағалиев пікірін қолдаса, бірі Б.Кенжебаев идеясына дем берді. Бұл қатарда тілші-ғалым М.Ақынжановтың «Халықтың құралуы – жазба әдебиеттің түп қазығы» [4] дейтін мақаласын, Ә.Құрышжановтың «Кодекус куманикус» - ескі мұрамыз» [5] дейтін мақаласын атай аламыз. Бірақ, көпшілік тарапынан ғалым айтқан жүйелі сөзге назар салынбады және де, жалпылама сөйлегені болмаса Б.Кенжебаевтың ол кезде пікірін нақты дәлелдейтін аргументтері де болған жоқ. Сондықтан да Қазақ ССР Ғылым академиясы жасаған «Қазақ әдебиетінің тарихында»: «Бұқарға дейінгі әдебиет нұсқаларында Асан қайғы, Сыпыра жыраулардың да аттары айтылғанмен, олар тарихи адамнан гөрі де, аңызға айналып кеткен, тарихта қай кезде болғаны мәлім емес және олар айтыпты-мыс деген толғау сөздер әр жерде әр түрлі айтылуын еске алсақ, олар әдебиет тарихының басы бола алмайды», - деп жазылды.

Ғалымның түркілік идеясын дамыту турасындағы еңбектерінің екінші сипаты – тарихқа қатысты. Өз ойын әдебиетте негіздеу мақсатында тарихқа жүгінеді. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған еңбегінде қазақ тарихы туралы айта келе: «Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы» дейтін мақаласында «Ерте заманда Шығыс Түркістанда, Шығыс-оңтүстік Сібірде, Орта Азияда, қазіргі Қазақстан жерінде, төменгі Еділ, Каспий бойында көптеген түрік текті рулар, тайпалар жасаған. Олар бір заманда түрік қағандары деп, бір заманда ұйғыр, қарлұқ, қыпшақ, «Алтын Орда» мемлекеті деп аталған» [6].

Ғалымға ұлт әдебиетінің баға жетпес мұраларын ашу жолында тарихшылармен де полемикалық мақалалар тартысына баруға тура

келгендей. Осы ретте ғалым өзбек тарихшысы М.Эрматовтың жазбаларындағы пікірлер қайшылығы, жаңсақтығын сөз етеді.

Ғалымның орасан зор еңбегі турасында Бейсембайтанұшы Қ.Ергөбек «Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы» дейтін зерттеу-еңбегінде: «Түркі халықтарына ортақ кезеңдерден бастау алатын қазақ әдебиеті тарихының Бейсембай Кенжебайұлы жасаған дәуірлеу жүйесі қазір мейлінше мойындалған, мектеп оқушыларынан бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытылады. Сонымен қатар, бас-басына атап айтар болсақ, профессор Бейсембай Кенжебайұлы әдебиетіміздің түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірі, қазақ хандығы тұсындағы әдебиеті, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті кезеңдерін тың проблема ретінде алғаш көтеріп көпке жеткізген, концепцияға айналдырып әдебиетте орнықтырған табанды, көреген ғалым» [7,113], - деп бағалағаны Б.Кенжебаевтың ұлты алдындағы, тарихы алдындағы жоғары бағасын бергеніндей боп танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: 1999 ж. 314б.
2. Кенжебайұлы Б. Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады. // Қазақ әдебиеті. 1960. №30.
3. Жұмалиев Қ. Қате пікір қағидаға айналмасын //Қазақ әдебиеті. 1960 №31. 29 июль.
4. Ақынжанов М. Халықтың құралуы — жазба әдебиеттің түп қазығы // Қазақ әдебиеті, 1960, 5 август.
5. Құрышжанов Ө. «Кодекс Куманикус» – ескі мұрамыз // Қазақ әдебиеті. 1960. №3. 12 август.
6. Кенжебайұлы Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы // Лениншіл жас, 1962, 20 декабрь.
7. Қ.Ергөбек. Арыстар мен Ағыстар. 4-кітап, - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003ж.- 336б.

REZUME

ZHAZDYKBAEVA R. (Turkistan)

B.KENZHEBAYEV – REPLICATOR IDEA TURKISM

This article deals with the valued works of scientist Beisembai Kenzhebeyev where given obtained evidence, that Kazakh Literature during the Soviet period begins from early centuries.